

ЖЭҚ ШГБ гранттық конкурсының тақырыптары шеңберіндегі мүмкін болатын қызмет түрлері

«Жердің тозуын төмендету» тақырыбында мынадай қызмет түрлері мүмкін (бұл тізім толық емес):

- Суару үшін суды үнемдеу, соның ішінде тамшылатып суару, жаңбырлатып суару, суды есепке алу, дренажды суларды қайта пайдалану, тасыған су мен жаңбыр суларын жинау, бұлақтарды, жылғаларды қалпына келтіру әрі сақтау және т.б.
- Топырақты сақтау және қалпына келтіру әдістері (мысалы, ауыспалы егіс, топырақты қорғау үшін өңдеу, органикалық егіншілік, сортаңданған немесе қараусыз қалған жерлерді қалпына келтіру және т.б.);
- Ауыл шаруашылығындағы бейімделу әдістері (мысалы, құрғақшылыққа төзімді дақылдар егу, қарды ұстау, орман алқаптарын қорғау және қалпына келтіру, цифрлық технологияларды пайдалану және т.б.);
- Жайылымдарды/шабындық жайылымдарды орнықты басқару әдістері (мысалы, жайылымдарды маусымдық пайдалану немесе жазда/қыста жайылымдарды кезектестіре пайдалану, жалпыға ортақ пайдаланылатын жайылымдардағы жайылым айналымы, пайдалануға дайын жем өндіру, цифрлық технологияларды пайдалану және т.б.);
- Көкөністерді өсіру мен өңдеудің тиімді әдістері (гидропоникалық өсіру, әртүрлі типтегі жылыжайлар, вермиқорданы пайдалану, келтіру, консервілеу және т.б.);
- Агротуризм;
- Орнықты, табыс әкелетін фермерлік және өндірістік жүйелер, мысалы, агроөнімдерді бірлесіп өндіру, ауыл өндірушілерінің/пайдаланушыларының ынтымақтастығы, өндіріс шығындарын азайту, жер мен суды пайдалану әдістерін жақсарту арқылы өнімділікті арттыру, нарықтарға, экожүйелік қызметтерге қолжетімділікті жақсарту және т.б.
- Жайылымды және жерді орнықты басқару саласында жайылымды пайдаланушылар мен фермерлердің әлеуетін арттыру (фермерлердің далалық мектептері, егістік күндері және т.б.).

«Климаттың өзгеруі» тақырыбында мынадай қызмет түрлері мүмкін (бұл тізім толық емес):

- Қуаты аз жаңартылатын энергия көздерін (күн қондырғылары, шағын ГЭС, биогаз қондырғылары және т.б.) пайдалануды ілгерілету;
- Жылыту, жарықтандыру, су жылыту және т.б. кезінде энергия үнемдеу технологиялары мен тәсілдерін енгізу;
- Көппәтерлі тұрғын үйлерді, әлеуметтік маңызы бар объектілерді және білім беру объектілерін кешенді терможаңғырту және т.б.
- Тұрғын үйлер мен шаруашылық маңызы бар объектілерді салу және жөндеу кезінде энергия тиімді материалдарды енгізу;
- CO₂ шығарындыларын азайту мақсатында жергілікті деңгейде қалдықтарды басқару (жинау, кәдеге жарату және қайта өңдеу) схемаларын енгізу. Жобалардың осы санаты қаржыландыру шегінде «климаттың өзгеруі» тақырыбындағы гранттық ресурстардың жалпы сомасының 20%-нан аспайтын, яғни 2-3-тен аспайтын жобаларды қолдауды көздейді.

Жобалардың санаттары:

Жоғарыда көрсетілген тақырыптық бағыттардың бірінде практикалық шараларды іске асыруға бағытталған және а) фокустық экожүйелердің тозу процестерін төмендетуге бағытталған демонстрациялық жобалар; б) ЖЭҚ пайдалану арқылы парниктік газдар шығарындыларын азайтуға үлес қосатын энергияны үнемдейтін технологияларды енгізу, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар үшін баламалы табыс көздерін ілгерілететін, сондай-ақ

жергілікті ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін нарықтарға қолжетімділіктің баламаларын айқындайтын, әйелдерді іске асыру процесіне тартатын және шешім қабылдау процесінде әйелдердің рөлін күшейтетін бейімделу практикаларын енгізу.

Жобаларға арналған өлшемшарттар:

ЖЭҚ ШГБ қолдаған барлық жобалар міндетті түрде мынадай өлшемшарттарға сәйкес болуы тиіс:

1. Жаһандық экологиялық пайдаға қол жеткізу. Жоба ЖЭҚ-ның бір немесе бірнеше басым тақырыптық бағыттары бойынша проблемаларды шешуге бағытталуы тиіс:

- Климаттың өзгеруі;
- Жердің тозуының төмендеуі.

2. Жобаны іске асыруға жергілікті тұрғындарды тарту. Жоба жобаны іске асыру процесіне фокустық топтың (жергілікті қоғамдастықтың) белсенді қатысуын, сондай-ақ оның мониторингі мен бағалануын қамтамасыз етуі тиіс.

3. Жергілікті халықтың орнықты тіршілігін қамтамасыз ету тәжірибесімен байланыс. Жоба жергілікті халықтың шаруашылықты ұтымды жүргізу жөніндегі мүмкіндіктерін кеңейтуді; кәсіпкерлік, кәсіпшілік, жергілікті деңгейде тауарлар мен қызметтер нарығын кеңейту үшін қосымша мүмкіндіктерді дамытуды; қосымша жұмыс орындарын ұсынуды; жобаны іске асыру процесінде және ол аяқталғаннан кейін табыс алуды қамтамасыз етуге тиіс.

4. Қоғамдық экологиялық сананы қалыптастыру. Жобада мынадай іс-шаралар: тұрғын халықпен және жергілікті БАҚ-пен жоба шешетін проблемаға халықтың барлық топтары мен басшыларын оқыту, насихаттау және олардың назарын аудару бойынша жұмыс; жергілікті жерлерде табиғатты қорғау қызметіне бастама жасау; экологиялық проблемаларды шешуде жергілікті тұрғын халықты белсенді ету.

5. Жергілікті мүмкіндіктерді дамыту. Жобаны орындау барысында: тұрғын халықтың техникалық көмек көздеріне, жаңа технологияларға қолжетімділігін кеңейтуге; жергілікті тұрғындармен, жергілікті атқарушы органдармен және қоғамдық бірлестіктермен әріптестікке; халықтың мүдделі топтарын оқыту мен тренингке; жергілікті мүмкіндіктер мен қолда бар ресурстарды бағалауға қол жеткізуге тиіс.

6. Гендерлік тәсіл. Мыналар қамтамасыз етілуі тиіс: әйелдерді жобаны әзірлеуге және іске асыруға тарту; әйелдерге жұмыс орындарын ұсыну; экологиялық проблемаларды шешуде және шешім қабылдау процесінде әйелдердің рөлін күшейту; әйелдерге арналған білім беру және тәрбие бағдарламаларын, оның ішінде шаруашылықты ұтымды жүргізу жөніндегі материалдарды ұсыну. 7. Жобаның орнықтылығы жобада мынадай аспектілердің болуын көздейді: елді дамытудың стратегиялары мен мемлекеттік бағдарламаларына сәйкестік; өңірді дамыту бағыттары мен табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларына сәйкестік; қолданылатын технологиялардың экономикалық әсерін есептеу; жобаны іске асыру және қайталауға негіз болатын жергілікті басқару органдарының қызметін ынталандыру; жобаны дамыту үшін бизнес-серіктестерді, донорлық ұйымдарды, басқа да ҰЕҰ-ды, жергілікті тұрғындарды тарту мүмкіндігі, технологияларды беру және қызмет ауқымын кеңейту; жобаның ішкі ресурстарын дамыту.

8. Қосымша қаржыландырудың болуы (жоба орындаушысының өз үлесі; мүдделі тараптардың үлесі; ықтимал донорлар үшін жобаның тартымдылығы).

9. Мемлекеттік саясатқа ықпал ету: басқару органдарының экологиялық жағдайды жақсарту бойынша шешімдер қабылдауы үшін нормативтік-құқықтық, әдістемелік және өзге де материалдарды дайындауға жәрдемдесу; іске асырылып жатқан жобаның орнықты дамудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларына ықпал ету қабілеті; фокустық экожүйелердің

жай-күйін жақсартудың стратегиялық міндеттерін лоббилеу).

10. Басқа серіктестермен және бағдарламалармен байланыс: ЖЭҚ/ШГБ, БҰҰДБ және басқа да донорлар жүзеге асыратын басқа жобалармен әріптестік мүмкіндігі; жоба орындаушыларының басқа жобаларға қатысуы; жоба басқа жобалар мен бағдарламалардың құрамдас бөлігі (элементі) болып табылады.

11. Жобаны қайталау, көбейту мүмкіндігі: жобаның елдің бірнеше өңірлерінде қаншалықты қолданылуы (жүзеге асырылуы) мүмкін; жобаны орындау нәтижелері шаруашылықтың басқа салалары мен салаларының өкілдері, ұйымдар, ҰЕҰ, азаматтар тарапынан сұранысқа ие болуы мүмкін.